

МИРАС

Мегажобаның мықтылары анықталды

Астанадағы Қазмедиа орталығының киноконцерт залында «Qazaqstan» ұлттық телеарнасында көрерменмен қауышатын «Men qazaqrup» атты халықаралық мегажобаның қорытынды гала-концерті өтті.

Ұларбек НУРФАЛЫМУЛЫ,
«Егемен Қазақстан»

Үкілі жүйріктердің үздіктерін атамас бұрын жұрттың жүрегінен жол тапқан жобаның мақсат, мұраты жайында аз-кем айта кетсек артық болмас. Елбасы Н.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында: «Салт-дәстүріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда, ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс» деген болатын. Қандайда бір ұлттың өзінің ғасырлап қалыптасқан рухани мұрасы салтанат құрып тұрса, ол елдің рухы биік, ұстыны мен ұстамы мықты болмақ. Уақыттың дауылы мен жауындында жоғалмай, өткен күннің талай өтелек-төтелегіне төзіп берген өміршең өнер келешектің де өзегін талдырмайтыны анық.

Өткенді бүгінгі күнмен өрнектей отырып ертеңге қызмет еттіру мақсатында қолға алынған бұл жоба биыл екінші рет өтіп отырғанын жалпы жұрт жақсы біледі. Өйткені, «Men qazaqrup» өзінің алға қойған мақсаты мен жүргізілу жүйесі арқылы халықтық жобаға айналды. Қазақстанның түкпір-түкпірінде жүрген бойында өнері бар жастардың жарқырап көрінуіне жақсы жағдай жасады. Сонымен бірге Ресей, Қытай, Моңғолия елдерінде тұратын қандастар арасында іріктеу жарыстарын өткізіп, олардың Қазақстанда өнер бойгесіне түсуіне мол мүмкіндік туғызды. Бір өкініштісі, Қытайдағы қандастар ортасынан келген

өнерпаздар былтыр жобаның жуан ортасына келгенде ат басын кері бұруға мәжбүр болып еді, биыл мүлде қатыса алмады...

Обалы не керек, жоба жетекшілері аталған елдерге барып арнайы түсірілім жасады, сол жерде жасакталған қазылармен жобаға жолдама алатын өнерпаздарды іріктеді. Бұл оңай жұмыс емес. Ұйымдастырушылардың айтуынша «Men qazaqrup» мегажобасына қатысуға биыл 3 мыңға жуық үміткер қатысып, соның 54-і теларнадағы жобадағы үлкен бөйгеде бақтарын сынапты. Өрине, қуанарлық жағдай. Бұл біріншіден, ұлттық өнерге ұмтылған жастар қарасының молдығын көрсетсе, екіншіден былтырғы жобаның сәтті жүзеге асқандығының айғағы.

Сонымен, айтулы концертке мемлекет және қоғам қайраткері, «Men qazaqrup» мегажобасының қазылар алқасының төрағасы Мырзатай Жолдасбеков, «Қазақстан» РТРК» АҚ Басқарма төрағасы, «Men qazaqrup» мегажобасының идея авторы Ерлан Қарин және «Qazaqstan» ұлттық телеарнасының директоры Еркін Таңатқанұлы қатысып, терме, күй, ән жанрлары бойынша марапаттады.

Осы тұста жобаның жүргізілу ерекшелігі жайында да бір ауыз айта кетуге тура келеді. Аламанға жолдама алған өнерпаз алғашқы айналымда өзі дайындап әкелген шығармасын орындаса, одан кейінгі кезеңдерде ұйымдастырушылар дайындаған туындыны орындайды. Оны тіпті алдын ала білмейді де, міне, осы жерде үлкен жауапкершілік пен тұяқ сүріндірер сын тұр. Бұл айналымда

өнерпаз жеребеле шыққан сол туындыны білуімен қатар белгілі шарттармен мектептерге бөлінген әр өңірдің орындаушылық дәстүрін де игерген болуы тиіс. Бұл жиын мен тойда «әу» деп жүрген кез келген әуесқойдың қолынан келетін шаруа емес. Сондықтан бұл әнші мен күйші, жыршының репертуарын да таразыға тартып бағады. «Еңістен салсаң төске озған, ертеден салсаң кешке озған» шын жүйріктердің суырылып шығатын кезені де осы.

Сөйтіп, осындай сындардан сүрінбей өткен тоғыз саңлақ бөйгенің қорытынды кешіне келді. Яғни әр жанрдан үш қара үзіп шықты. Енді марапаттау үшін сахнаға көтерілген адамның аузынан жүректері лүпілдеп отырған үшеудің біреуінің ғана есімі аталмақ. Бұл шешімді айту қазыларға да оңай соқпасы анық. Сонымен, жиналған жұрттың алдына ән жанры бойынша Алпысбек Оңайбайұлы (Маңғыстау облысы), Рауан Әбілбаев (Алматы қаласы), Аяулым Камажан (Астана қаласы), күй жанры бойынша Жәнібек Жәмиев (Атырау облысы), Шыңғис Исаев (Түркістан облысы), Таңат Сәденов (Алматы облысы), ал, терме жанры бойынша Күнсұлу Түрікпен (Қызылорда облысы), Салтанат Ермұханбетов (Астана қаласы) Аружан Еримова (Атырау облысы) шықты.

Сонымен, көптен күткен сәт жетті. Терме жанры бойынша жеңімпазды марапаттауға шыққан Ерлан Қарин мырза қолындағы қағаздан Күнсұлу Түрікпеннің есімін оқыды. Сөйтіп, Күнсұлу үздік термеші атанып 1 000 000 теңгені қанжығалады. Ал, күй аталымы бойынша марапаттауға шыққан Мырзатай Жолдасбеков Жәнібек Жәмиевтің есімін атап, 1 000 000 теңге жүлдені қолына ұстатты. Ал, ән жанры бойынша жеңімпаз есімін оқуға шыққан Еркін Таңатқанұлы үш үміткердің екеуінің есімін атады. Олар Алпысбек Оңайбайұлы

мен Рауан Әбілбаев. Қазылар алқасы жүлдені 500 000 теңгеден екеуіне теңдей бөліп беріпті.

Гала-концертте «Men qazaqrup» жобасы қазылар алқасының мүшелері Ұлжан Байбосынова, Айгүл Үлкенбаева, Айгүл Елшібаева және I мауысымындағы жеңімпаздары мен биылғы үздіктер өнер көрсетті. Айта кетейік, Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің қолдауымен «Қазақстан РТРК» АҚ бірлесіп алғаш рет 2017 жылы жүзеге асырған бұл жобаның бергені аз болмады. Жиында сөз алған корпорация басшысы Ерлан Қарин: «Жобаның мақсаты – еліміздің түкпір-түкпіріндегі дәстүрлі әнші-термеші, күйшілердің басын бір арнада тоғыстырып, еліміздің әр аймағында қалыптасқан өнер мектептерінің таңдаулы туындыларына дәріптеу, атадан-балаға мұра болып келе жатқан төл өнеріміз – күй, жыр-термені дамытып, заманға сай арналған өзге де жобалардың жүзеге асу алдында тұрғандығын айтты. Сондай-ақ, жобаны жүзеге асыруға атсалысқан қазылар алқасына, шығармашылық ұжымға және калың көрерменге алғысын білдірді. Әсіресе, қазылар алқасына ерекше ризашылығын жеткізді. Әділдік пенде баласы үшін белгілі деңгейде шартты ұғым екенін ескерсек те, «Men qazaqrup» мегажобасына қазылық еткен мамандардың өнерпаздың көзінше артық-кемін айтып отыруы, кешегі Кенендердің көзін көрген, өмірі мен шығармашылығы ұлттық өнермен біте қайнасып кеткен Мырзатайдай асыл ағалардың ер орындаушыға айтып отырған ескертудері теледидар арқылы ұлт өнері жайында оқылған сабақтай болды десек артық болмас.



Qarashash TOQSANBAI,
«Egemen Qazaqstan»

Jekemenshik teatrlar jayı

Teatr өнерінің тарихы elimizde XIX ғасырдың екінші жартысында бастау алады делінеді. Олардың алғаш Ордадағы көпестердің орыс тріппасы (1859), Тараздағы гарнизон әскерлері мен офицерлер тріппасы (1887), Семейдегі музыка мен драматрғуалық өнер сүйісшілер қоғамы (1890) сипатында пайда болған, сондай-ақ XX ғасырдың басында бұған татар көшпелі тріппаларының келіп қосылғаны жайлы деректер белгілі өнердің қазақ даласымен ежелден егіз уағыз амалы түскендігін тағы бір айқын ағағы іспетті.

Жалпы кез келген халықтың мәдениеті мен рұхани дамуы деңгейі театр саласындағы жетістіктерімен өлшенетіні тарихтан мәлім. Өркенетті мемлекеттердегі бір ғана қаламның өзінде театр саны 200-ден асып жығатындығы соның бұлжымас дәлелі болса керек-ті. Мәселен, Ресей астанасы – Мәскеуде ирил-усақты түрлі деңгейдегі 211 театр бар десек, 12 миллионнан астам тұрғыны бар қала үшін бұл сан атарлықтай көп емес. Статистикалық мәлімет бойынша, онда 1 миллион тұрғынға 3,2 театрдан кelse, Аустрилада бұл көрсеткіш – 24, Швейцарияда – 13,6, Францияда – 9,6, Улыбританияда – 8,9, Италияда 5,9 екен. Осы орайда 68 театры бар биздің elimizde мұны бір миллион көрерменге шаққанда қаншадан келеді дейтін болсақ, мыналардың жаңына жип есе алмай қалатынымыз рас-ау. Іағни бизге бұл көрсеткіш – әлі қыалымыз көкке өрлеп қона алмай жүрген биік шын тариздес жоқын беles.

Тағы бір ерекшелік – Еуропа елдеріндегі театр тріппаларының дені жекеменшік болып табылады. Сонымен қатар оларда коммерсиалық емес театрлардың қойылымна ғимаратты тегін беру сипатында көмек көрсетіле, ал Америкада бұл мәселе қайырымдылық қорлары мен жекеген салымшыларға салық жағынан жеңілдіктер қарастырып арқылы реттеліп отыр. Биздегі театрлар мен бұл елдердегі өнер ұйымдарының жағдайын салыстырсаңыз, айырмашылық жер мен көктегі дегенмен, соңғы жақытта «Алматы мен Астана қалаларында жаңадан мынадай театр ашылғалы жатыр екен» деген сындағы жағымды жаңалықтарды қулағымыз жиі шалып қалып жүр. Соның бірі – жекеменшік театрлардың ашыла бастауы. Бүгінгі таңда elimizdeгі театрлардың 50-і мемлекеттік те, ал қалған 18-і жекеменшік болып табылады. Алматы қаласындағы 19 театрдың 10-ы жеке меншікке жатяды. Астанадағы 6 театрдың төртеуі – мемлекеттік, екеуі – жекеменшік ұжым. Өңірлер бойынша Ақмолда – 2, Ақтөбеді – 2, Алматыда – 2, Атырауда – 1, Батыс Қазақстанда – 4, Жамбылда – 3, Қарағандыда – 5, Қызылордада – 1, Қостанайда – 4, Маңғыстауда – 2, Павлодарда – 3, Солтүстік Қазақстанда – 3, Шығыс Қазақстанда 3 драмалық және қыыршақ театрлары бар десек, Алматы, Жамбыл, Павлодар, Шығыс Қазақстан облыстарында жеке кәсіпкерлер қолдауымен ашылған төрт театр жұмыс істейді, Батыс Қазақстан облысында мұндай театрдың саны – екеуі. Ал жалпы өнер ошағы жағынан амақтар арасында Түркістан облысының бәсі бірден биік тұр. Мемлекеттік 8 театрдың бесеуі драмалық болып табылатын өңірдегі мұндай жоғары көрсеткіш арқылы халықтың рұхани-мәдени сұранысының қаншалық қанағаттандырылып отырғандығын бағамдай қыян емес.

Бұл жерде биздің негізгі айтпағымыз, жекеменшік театрлардың дүниеге келуі ұлттық сахна өнеріне қандай тың өзгерістер алып келуде, жалпы мұндай тәуелсіз өнер ұйымдарына қазақ көрермені қаншалық мұқтаж деген мәселе еді. Мамандар дербес театрлардың көбеюі біріншіден, өнер ұйымдары арасындағы бәсекеlestікті арттырып, сахна мәдениетінің өсіп-өркендеуіне үлкен жол ашады деп есептейді. Соңғы жақытта олардың театр фестивалдерінде төбе көрсете бастауы, жобаларға тың қойылымдармен қатысуы сол пікірдің растығына сөзсіз іланта түседі. Солал бoла тyра көпшілік сүйіспеншілігіне ие «Tamasha» әзіл-сықақ (Ана Есенoвa) oтaынан бастап, Алматыдағы Бәтeн Oмарoвтың «Jas sahna», «Baуырjan шoй» (Baуырjan Ibragimov), «TTT» (Boranba Aсылbekov) театрлары, «LABORATORY #316» тәуелсіз театр тріппасы, Azamat Satybaldының «THEATRE 28» ұжымы, «Өнер қыранды» (Madınar Serikbaev), «Terisqaqpa» (Ulan Nұsipalı), «Nysana» (Абұнасыр Сериков), «Тақия мен мафия» (Janatbek Bantekov), «Ara Aтырау» (Nurbek Mádiev), «Asaу» (Almat Saqatov), «Shanshar» (Yálbek Ábdırayımov), «Aldaraspan» (Nurjan Tólendiev), «AI» (Aıgúl Imanbaeva), «Zazerkale» (Nadejda Maıbo), «ARTıSHOK» (Anastasiya Tarasova), «Sezam» (Qairat Baıanov), «Shymkent-shoу» (Tağa), «Sahna», «DY - DY» dyeti, «Tazabekov teatry» тыралы аңғиме қозғалғанда, ашынғаннан шығады ашы даусым дегенде, кейбір жекеменшік өнер ұйымдарының қазіргі таңдағы ең басты тұткілі – ғимарат мәселесінің күрмеуі күрделеніп, шыршықтап тұрып алатын тағы рас. Осындайда өз беттерімен театр салып, сахна өнерінің дамуына қолдарынан келгенше

1. **ТОО «РТИ-АНПЗ»** объявляет проведение открытого тендера по закупке (цены указаны без НДС): 1) дизельное топливо (на тепловозы) на сумму 194 652 720тг. и дизельное топливо (талоны на железнодорожную технику и автобусы) на сумму 9 196 026тг.; 2) бензин марки АИ 92 и АИ 95 на сумму 5 620 730тг.; 3) военнизированная охрана территории на сумму 95 396 400тг.; 4) электроэнергия на сумму 22 285 209тг.; 5) молоко на сумму 6 207 412тг.

2. Технические характеристики указаны в тендерной документации (тех. спецификации).

3. Услуги оказываются по адресу: г. Атырау, Промышленная зона АНПЗ, строение 15А, индекс 060003 (далее – Адрес).

4. Сроки оказания услуг согласно договору.

5. К участию в тендере допускаются компании, отвечающие требованиям, указанным в тендерной документации.

6. Тендерную документацию получают в срок до 14 часов 00 минут 24 декабря 2018 г. включительно по Адресу, с 08.00 до 12.00 и с 13.00 до 17.00 часов.

7. Окончательный срок представления тендерных заявок до 12 часов 00 минут 27 декабря 2018 года.

8. Конверты с тендерными заявками будут вскрываться в 14 часов 00 минут 27 декабря 2018 года по Адресу.

9. Дополнительную информацию можно получить по телефону: 8 (7122) 31-89-93, 8 (777) 777-58-69.

«**Amanab**» СК» АҚ (бұдан былай – Қоғам), (Алматы қ., Төлеби к. 63-үй мекенжай бойынша орналасқан, БСН 000940001446, ЖСК KZ036010131000055182, «Қазақстан Халық банкі» АҚ, БСК HSBKКZKX, КБЕ 15), 2018 жылғы 29 қарашада Жалғыз акционердің келесі шешімді қабылдағаны туралы хабарлайды:

1. Төленбеген дивидендлердің қалған сомасынан 82 000 000 (сексен екі миллион) теңге біржолғы төлеммен төленсін. Қалдық әр ай сайын екі тең төлеммен 2018 жылдың 25 желтоқсанынан және 2019 жылдың 25 қаңтарынан кешіктірмей төленсін.

2. Дивидендлер келесі деректемелер бойынша алдында жолданған бұйрыққа сәйкес төленсін:

Бенефициар:	Малдиева Айгуль Нурахметовна
Бенефициар банкі:	«Қазақстан Халық Банкі» АҚ, Алматы қ. филиалы
БСК:	HSBKКZKX
ЖСН:	760902400878
ЖСК:	KZ956017343000002706
Кбе	19

«**Ақтобе мұнай жабдығы зауыты**» акционерлік қоғамы (әрі қарай сондай-ақ Қоғам) 27.11.2018 ж. Қоғамның директорлар кеңесінің келесі шешімдерді қабылдағанын хабарлайды:

1) 2018 жылға Қоғамның қаржылық есептілігі аудитін жүргізуге «ALMIR CONSULTING» ЖШС қызметі төлемінің мөлшерін ҚҚС-ғын қосқанда 3 700 000 теңге деп анықтау. Аудиторлық компанияның қызметкерлерінің Алматы қаласынан тыс іс-сапарларына қатысты шығындар факті бойынша Қоғаммен қосымша төленеді;

2) Қоғамға 2018 жылға Қоғамның қаржылық есептілігі аудитін жүргізу бойынша қызмет көрсетуге «ALMIR CONSULTING» ЖШС-мен шарт жасасу.

«**Ақтобе мұнай жабдығы зауыты**» акционерлік қоғамы (әрі қарай сондай-ақ Қоғам) ондағы дауыс беруші акциялардың 10 және одан да көп пайызына ие акционерлер құрамының өзгергендігін мәлімдейді:

Акционерлік қоғамның дауыс беруші акцияларының 10 және одан артық пайызына ие акционерлерінің құрамын өзгерту күні (бағалы қағаздарды ұстаушыларды тізілімі жүйесінде немесе номиналды ұстаушыларды есепке алу жүйесінде өзгерістерді тіркеу күні): 28.11.2018 жыл. Акционерлік қоғам акционерлері құрамындағы өзгерістердің мәні: Қосу. Тұлға түрі: Занды тұлға. Резидент. Занды тұлғаның атауы: ТОО «Ordabasy Group». Занды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Төле би көшесі, 63.

Акционерное общество «Актюбинский завод нефтяного оборудования» (далее также Общество) информирует об изменении состава акционеров, владеющих 10 и более процентами голосующих акций акционерного общества:

Дата изменения состава акционеров, владеющих 10 и более процентами голосующих акций акционерного общества (дата регистрации изменений в системе реестров держателей ценных бумаг или системе учета номинального держания): 28.11.2018 г. Суть изменений в составе акционеров акционерного общества: Включение. Вид лица: юридическое лицо. Резидент. Наименование юридического лица: ТОО «Ordabasy Group». Место нахождения юридического лица: Республика Казахстан, город Алматы, ул. Толе би, 63.

2018 жылғы 20 желтоқсанда полиграфиялық өнімді жеткізушіні таңдау бойынша ашық тендерді жүргізу туралы хабарлама

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ 2018 жылғы 20 желтоқсанда сағат 16.00-де полиграфиялық өнімді жеткізушіні таңдау бойынша ашық тендер жүргізілетіні туралы хабарлайды.

Тендерлік құжаттама пакетін ұ.ж. 14 желтоқсанды қоса алғандағы мерзімде мына мекенжай бойынша алуға болады: Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 40, Ресурстар департаменті, сағат 9.00-ден бастап сағат 18.00-ге дейін немесе келесі электрондық почта арқылы: tender@halykbank.kz.

Тендерлік өтінімдерді берудің соңғы мерзімі – 2018 жылғы 20 желтоқсанда сағат 16.00-ге дейін. Тендерлік өтінімдерді ұсыну орны – Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 34.

Тендерлік өтінімдер салынған конверттер тендерлік өтінімдерді берген барлық қатысушы ықтимал жеткізушілердің қатысуымен мына мекенжай бойынша ашылады: Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 34.

Қосымша ақпаратты және анықтаманы: (727) 2585145 телефон нөмірі немесе e-mail: tender@halykbank.kz арқылы білуге болады.

Акционерное общество «Актюбинский завод нефтяного оборудования» (далее также Общество) информирует, что 27.11.2018 г. совет директоров Общества принял следующие решения:

1) Определить сумму оплаты услуг ТОО «ALMIR CONSULTING» на проведение аудита финансовой отчетности Общества за 2018 год в размере 3 700 000 тенге с учетом НДС. Расходы, связанные с командированием сотрудников Аудиторской компании за пределами города Алматы, оплачиваются Обществом дополнительно по факту;

2) Обществу заключить договор с ТОО «ALMIR CONSULTING» на предоставление услуг по проведению аудита финансовой отчетности Общества за 2018 год.